

# Қазақстанда халықты әлеуметтік қолдаудағы салықтық әдістер

Орындаған: САУЛЕТОВА С.Б.

- Мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі мақсаты халықтың әл-ауқатын арттыруға қол жеткізу болып табылады.



- Қоғамның барлық жіктері мен әлеуметтік топтарының өмір сүру деңгейін ұдайы жақсарту түсу мемлекет саясатының негізгі басымдығы болуы қажет.

- Халықты әлеуметтік қорғау жүйесі бүгінгі күні өзекті мәселе болып табылатындығына күмән жоқ. Нарыққа өту жағдайларында халықтың әлеуметтік қорғалуын қолдау мен нығайтуға бағытталған мемлекеттік шаралар жүйесі қажет.



Дұрыс қабылданған әлеуметтік саясат – тұрақтылықтың кепілі, ал саясат негізінде әлеуметтік қорғау жүйесі жатыр.

- Қазақстан Республикасының мемлекеттілігінің негізгі бағыттарының бірі - әлеуметтік мемлекеттік құру. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» - деп мемлекеттік қызмет жүйесінде жұмыс атқарып жатқан мамандарды жоғары жауапкершілікке жүктейді.

- Әлеуметтік саясат мемлекеттің ішкі саясатының аса маңызды бағыты екені сөзсіз. Жалпы, әлеуметтік саясатты іске асыру экономиканың даму қарқыны мен әлеуметтік кепілдіктерді сақтау ісін шебер ұштастыруды талап етеді.



## • Салықтардың әлеуметтік функциясы негізінде:

- салықтық және салықтық емес түсімдер есебінен мемлекеттік бюджет қалыптасады;
- халықтың белгілі бір сегменттерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру әзірленеді;
- осылайша мемлекеттің әлеуметтік дамуын қолдау қалыптасады.



- Әлеуметтік қорғау - бұл әлдебір жағдайларға (кәрілік, мүгедектік, денсаулық жағдайы, асыраушысынан немесе жұмысынан айрылуы) және өзге де заңды негіздерге байланысты экономикалық белсенді бола алмайтын әрі лайықты ақы төленетін еңбекке қатысу жолымен өзін табыспен қамтамасыз ете алмайтын азаматтар үшін өмірлік қажетті игіліктердің және әлауқаттың белгілі бір деңгейін қамтамасыз етуге арналған жүйе.

Әлеуметтік қорғау жүйесінің сандық көрсеткіштері экономикалық даму деңгейімен анықталса, ал адамдар арасындағы ынтымақтастық, мемлекеттік институттардың қатысу дәрежесі мен еңбекке ынталандыру деңгейі таңдалған әлеуметтік-экономикалық модельмен өзара байланыста болады.

**• Халықаралық еңбек ұйымының мүшесі болып табылатын Қазақстан әлеуметтік қорғау жүйесін көптеген іс-шаралар жиынтығы деп санайды. Оларға:**

- - тұрақты , ақылы жұмыспен қамтамасыз етуді ынталандырады;
- - ірі әлеуметтік қатерлер туындаған жағдайда әлеуметтік қамтамасыз ету тетіктері арқылы алдын алу ;
- - Білім беру және денсаулық сақтау сияқты негізгі құқықтар мен қызметтерге , азаматтардың қолжетімдігі .

- Әлеуметтік сақтандыру жүйесін қаржыландыру әлеуметтік салық ставкаларын 3% азайту және сақтандыру аударымдарын қызметкер табысының 3% мөлшерінде енгізу есебінен жүзеге асырылады. Бұл ретте аударымдарды төлеушілер алғашқы кезеңде жұмыс берушілер болады.

- Әлеуметтік сақтандыруға аударымдарды дербестендіру қызметкердің, кәсіподақтардың және қызметкерлер бірлестіктерінің қаражаттардың аударылу процесін бақылауға ықыласын арттырады. Әлеуметтік сақтандыруға аударымдарды дербестендіру есебін енгізу әлеуметтік қорғау жүйесін реформалаудың аса маңызды шарттарының бірі болып табылады.

- Реформа аяқталғанға дейін мемлекет халықты әлеуметтік қорғау жүйесін қаржыландыру көзі болып қала береді деп көзделуде. Мұндай жағдай мемлекеттің қатысуының азаюына және әлеуметтік сақтандыру тетіктерінің дамуына қарай бірте-бірте өзгертін болады. Мемлекет барлық әлеуметтік төлемдердің толығын және уақытында төленуін бюджеттен қамтамасыз етеді.

- Әлеуметтік қорғау жүйесінің сандық көрсеткіштері экономикалық дамумен анықталады, ал тұлғалар арасындағы ынтымақтастық деңгейі мемлекеттік институттардың қатысуы негізінде жүзеге асырылады және ол әлеуметік-экономикалық модельмен өзара байланыста болады.

**• Халықаралық тәжірибе анализінің негізінде біз мынандай шешімге келе аламыз, ең тиімді және жан-жақты әлеуметтік қорғау жүйелері , әдетте мынадай негізгі элементтерді қамтиды:**

- 1) мемлекеттік көмек (пособия);
- 2) міндетті әлеуметтік сақтандыру;
- 3) Жинақталған зейнетақы қоры;
- 4) әлеуметтік көмек.



Осындай аралас жүйе ынтымақ (солидарный) пен персонификациондық жүйелердің артықшылықтарын біріктіруге мүмкіндік береді.

- Қазақстанда нарықтық экономикаға көшу аяқталып жатыр. Сондықтан экономикалық қатынастардың өзгеруі әлеуметтік қорғаудың тиісті жүйесін салуды талап етеді.

**Назарларыңызға  
рақмет!**